# Шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 3 ақпандағы N 20

"Тұрғын үй құрылысын дамыту жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасына беріліп отырған Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 31 желтоқсандағы N И-566 тапсырмасын жүзеге асыру жөніндегі шаралар жоспары бекітілсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 3 ақпандағы
N 20 өкімімен
бекітілген

"Тұрғын үй құрылысын дамыту жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасына Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N И-566 тапсырмасын жүзеге асыру жөніндегі шаралар
ЖОСПАРЫ

| N p/c | Шара | Орындалу мерзімі |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Республиканың әлеуметтік-экономикалық саясаты үшін тұрғын үй құрылысының басымдық мәселесін орындауды назарда ұстау | тұрақты түрде |

| | | |
|---|---|---|
| 2 | Пилотты жобаларды жүзеге асырушы облыстарда тұрғын үй құрылысын қаржыландыру және оған несие беру тетігі бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің келісілген қаулысының жобасын белгіленген тәртіппен әзірлеу және енгізу | 1997 жылғы 15 ақпан |
| 3 | 1998 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тұрғын үй займының облигацияларын шығаруды және орналастыруды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды пысықтау | 1997 жылғы 31 желтоқсан |
| 4 | Тұрғын үй құрылысы үшін тікелей инвестициялар мен халықаралық қаржы ұйымдарының қаражатын тарту жөнінде шаралар қолдану | тұрақты түрде |
| | Республикада тұрғын үй құрылысын қаржыландыру және оған несие беру тетіктерін қалыптастыру үшін басқа көздерді пайдалану жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізу | 1997 жылғы 15 наурыз |
| 5 | Жаңа аумақтарға кешенді құрылыс салу, қазіргі заманғы техникаларды пайдалану және тұрғын үйдің бір бөлігін құрылыстың өзіндік құнынан төмен баға бойынша халықтың әлеуметтік жағынан қорғалатын жігіне сату жөніндегі міндеттемелерін сақтау шарттарымен мемлекеттік уәкілетті органмен жасасқан шарттар негізінде тұрғын үй құрылысын ұйымдастыру мен қаржыландыруды жүзеге асырушы инвесторларға салықтық жеңілдіктер беруді; жеке (отбасылық) тұруға арналған тұрғын үй құрылысына пайдаланған қаражат бөлігінде жеке тұлғаларды табысқа | 1997 жылғы 30 қаңтар |

салынатын салықтан босатуды көздейтін
"Салық және бюджетке төленетін басқа да
міндетті төлемдер туралы" Қазақстан
Республикасы Президентінің 1995 жылғы
24 сәуірдегі N 2236 Заң күші бар
Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар
енгізу туралы" Қазақстан Республикасы
Заңының жобасын әзірлеу және Қазақстан
Республикасының Үкіметіне енгізу

| | | |
|---|---|---|
| 6 | "Лизинг (қаржылық жалдау) туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізу | 1997 жылғы 30 қаңтар |
| 7 | Тұрғын үй құрылысын ұйымдастыру мен қаржыландыруды жүзеге асырушы инвесторлардың жаңа аумақтарға кешенді құрылыс салуына арналған конкурстар өткізу тәртібін әзірлеу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізу | 1997 жылғы 15 наурыз |
| 8 | Ағымдағы жылдың 1-тоқсанында тұрғын үй құрылысының аяқталмаған объектілерін ашық саудаластықтарда сатуға шаралар қолдану және қамтамасыз ету | 1997 жылғы 15 сәуір |

| Орындауға жауаптылар | Бақылау жасауға жауаптылар |
|---|---|
| 4 | 5 |
| Экономмині, Қаржымині, Құрылысмині | Кәсіпорындарды реформалау, Қаржы және әлеуметтік рефор. малар бөлімдері |
| Экономмині, Қаржымині, Құрылысмині, Ұлттықбанк (келісім бойынша) | Бұл да сол |

| | |
|---|---|
| Қаржымині, Экономмині, Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссия, Құрылысмині, Ұлттықбанк (келісім бойынша), Тұрғынқұрылысбанкі | Қаржы және әлеуметтік реформалар, Кәсіпорындарды реформалау бөлімдері |
| Меминвесткомы, Қаржымині, Экономмині, Сыртқы қарыз алу жөніндегі комитет, Құрылысмині, Ұлттықбанк (келісім бойынша) | Бұл да сол |
| Қаржымині, Экономмині, Құрылысмині | Бұл да сол |
| Қаржымині, Мемлекеттік салық комитеті, Экономмині, Әділетмині, Құрылысмині | Бұл да сол |
| Ұлттықбанк (келісім бойынша), Қаржымині, Бухесеп жөніндегі ұлттық комиссия, Экономмині, Әділетмині | Қаржы және әлеуметтік реформалар бөлімі, |
| Құрылысмині | Кәсіпорындарды реформалау бөлімі |
| Облыстар мен Алматы қаласының әкімдері | Кәсіпорындарды реформалау бөлімі, Аумақтық даму бөлімі |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК